

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 9 маусымдағы N 56 Заңы

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат; 2005 жылғы 28 сәуірде "Егемен Қазақстан" және 2005 жылғы 23 сәуірде "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мәтінде "тарау" деген сөздердің алдындағы "I-V" деген цифрлар тиісінше "1-5" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) 11-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1-бап. Валюталық құндылықтарды пайдалануға  
байланысты қызметті лицензиялау және валюталық  
операцияларды лицензиялау

Л и ц е н з и я л а у ғ а :

1) бөлшек сауда-саттықты жүзеге асыру және қолма-қол шетел валютасын алып  
қ ы з м е т к ө р с е т у ;

2) валюталық операцияларды жүзеге асыру жатады. V011561 V032436 V032469 "

3) 15-баптың жетінші бөлігіндегі "операцияларды жүзеге асыру" деген сөздер "қызметті жүзеге асыру және валюталық операцияларды жүргізу" деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) 19-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "және валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты жасалатын операцияларды" деген сөздер ", валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметті және валюталық операцияларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 26-бап мынадай редакциядағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңның 11-1-бабының 2) тармақшасы 2006 жылғы 31 желтоқсанды қоса алған мерзім бойынша қолданылады."

2. "Қазақстанның Даму Банкі туралы" 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 9, 85-құжат; 2003 ж., N 11, 56-құжат; N 12, 83-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 15, 85-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар):

7-баптың бірінші абзацындағы "жүзеге асырады" деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 17) тармақшамен толықтырылсын:

"17) қолма-қол шетел валютасымен операцияларды қоспағанда, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асырады."

**2-бап.** Осы Заң жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*